

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Жезқазған қаласы

2025 жылғы 30 сәуір

Кіріспе бөлігі

КМК «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» директорының 2025 жылғы 8 сәуірдегі №7-ө бұйрығына («Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»),

Қазақстан Республикасы Конституциясына,

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына,

сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына («Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»), және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау кезеңі:

2025 жылғы 7 сәуірден 30 сәуірге дейін.

Талдау кезеңі:

2025 ж. Персоналды басқару және мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Персоналды басқару қызметінің қызметін талдау барысында келесідей нәтижелер анықталды:

Барлық ішкі нормативтік актілер кәсіпорын лауазымды тұлғаларының шешім қабылдауына қатысты толық әрі нақты негіздер мен тәртіптерді белгілейді.

Талаптардың орындалмауы үшін жауапкершілік белгіленген, декларативті сипаттағы және іс жүзінде қолдануға мүмкіндік бермейтін ережелер жоқ.

Қорытындысы бойынша:

Кадрлық жұмыс саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижесінде қызметкерлерді іріктеу және жұмысқа тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмысқа орналасу кезінде үміткер ҚР Еңбек кодексінің 2015 жылғы 23.11.2015г. №414

Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі ашық, айқын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайтындай деңгейде ұйымдастырылған.

Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкес жүргізіледі.

Жүргізілген мониторинг аясында тәуекелдерді басқару мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, болдырмауға немесе барынша азайтуға бағытталған экономикалық тұрғыдан тиімді және кешенді шаралар талданды.

Барлық алғашқы есептік құжаттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес рәсімделген.

Бюджеттік төлемдер мен аударымдар бухгалтерлік есеп қағидалары мен нұсқаулықтарына сай жүргізілген.

Жалақы мен өтемақы төлемдері ҚР Үкіметінің 2015 ж.

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану барысын бағалау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Талдау барысында дәрілік заттарды (ДЗ) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде пациенттерге берілгеннен кейін олардың мақсатсыз пайдаланылуы мүмкіндігіне байланысты белгілі бір бақылау қиындықтары бар екені анықталды.

Бұл жағдай дәрілік заттарды пайдалану процесінің кейбір кезеңдерінде потенциалды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығына («ТМККК және/немесе Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы»)

Жалпы ұсынымдар

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша:

ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде, персоналды басқару, қаржы-шаруашылық қызметі, сондай-ақ дәрілік заттарды ұтымды пайдалану салаларында жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Барлық қызмет бағыттары бойынша қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттар мен рәсімдер

Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға толық сәйкес келеді.

Сонымен бірге, кәсіпорын қызметін жетілдіру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау мүмкіндігін болдырмау мақсатында төмендегі ұсынымдар беріледі:

1. Персоналды басқару саласында:

Мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүйелі түрде

Жалпы ұсыныстар тізімі:

1. Динамикалық бақылауда және амбулаторлық мәжбүрлі емдеуде тұрған пациенттердің үйіне бару шеңберінде учаскелік қызметтің жұмысын бақылауды күшейту.

2.2025 жылға арналған дәрілік формулярды медициналық персоналдың жұмыс орындарында, мекеменің ақпараттық стендтерінде және ресми сайтында орналастыру.

3.Пациенттер мен келушілерге арналған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы ақпаратты ақпараттық стендтерде орналастырып, оны нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкестендіру, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсыну.

4.Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының орын алуына жол бермеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту мақсатында кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізуді жалғастыру (ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 8-бабының 5-тармағына сәйкес).

5.Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінде тоқсан сайын Қарағанды облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі мамандары мен басқа да сарапшыларды, кәсіпорын қызметкерлерін тарта отырып, оқыту және түсіндіру семинарларын өткізу.

6.Медициналық қызметкерлерді ағымдағы жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға арналған негізгі нормативтік-құқықтық актілермен және медицина қызметкерлерінің кәсіби этикасына қатысты заң нормаларымен таныстыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың жалпыға бірдей нормалар мен қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

7.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту:

сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету шараларын жетілдіру;

азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы рөлін арттыру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуына тиімді мониторинг жүргізу;

кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін жетілдіру;

қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және құндылықтарды өзгерту.

8.Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және ішкі нормативтік құжаттардың ережелерін сақтау.

Сыбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу қағидаттарын басшылыққа алу.

Жұмыс тобы:

Директордың орынбасары Ращупкина Т.В.	
Бас бухгалтер Қапарова Г.Ж.	
Кадрлар қызметінің маманы (СУП) Балғожина Ж.Ж.	
Заңгер Зыкина Т.А.	